

«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ-нің
2018-2020 жылдарға арналған бюджеттік жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ дене шынықтыру және спортты дамыту бойынша тұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын облыстық мемлекеттік мекеме болып табылады және аталған саланың дамуы бойынша Ақтөбе облысы әкімдігінің және Қазақстан Республикасы Министрлігінің алдында жауапты.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының шығындарына барлық сомасы 13 635 042 мың теңге қарастырылған, оның ішінде:

2018 жылға - 4 648 856 мың теңге;

2019 жылға - 4 493 093 мың теңге;

2020 жылға - 4 493 093 мың теңге.

Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар

Бөлінісінде:

285-001-000 «Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша – 115 595,0 мың теңге, оның ішінде 2018 жылға – 38 490,0 мың теңге көлемінде шығындар қарастырылуда.

Аталған бағдарлама басқарманың 13 штаттық, 4 штаттан тыс бірліктерін ұстауға, әкімшілік шығыстар, іссапар шығындарын келесі ерекшеліктер бойынша жүзеге асыруға бағытталған:

- **111** «Еңбек ақы» - 20765,0 мың теңге (13 штаттық бірлік);
- **113** «Өтемақы төлемдері» - 2663,0 мың теңге;
- **121** «Әлеуметтік салық» - 1121,0 мың теңге;
- **122** «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» - 934,0 мың теңге;
- **123** «Міндетті сақтандыру жарналары» - 48,0 мың теңге (2 автокөлік);
- **124** «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар» - 311,0 мың теңге;
- **131** «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» - 1715,0 мың теңге;

Аталған шығындар басқарманың 4 штаттан тыс қызметкері – экономист, іс жүргізуші және 2 көлік жүргізушілердің жалақыларына қарастырылған.

- **135** «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» - 196,0 мың теңге;

Басқарманың штаттан тыс қызметкерлерінің жалақысынан салық төлеу үшін қарастырылған.

- **144** «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» - 1246,0 мың теңге;
- **149** «Өзге де қорларды сатып алу» - 1924,0 мың теңге;

Аталған ерекшелік бойынша кеңсе және басқа да тауарларды алу жоспарлануда: А4 қағаздар, картридждер, тонерлер, компьютерге арналған тышқан және пернетақта, басылымға жазылу.

- **152** «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» - 1324,0 мың теңге;

Негізгі нүктелердің саны – 9 дана, абоненттік төлем айына – 1064 теңге; пошталық телеграф шығындарына – 21 мың теңге; Интернет желісіне қосу қызметіне – 3 нүкте бойынша айына 15729 теңге, бір нүктеге – 566,0 мың теңге қарастырылған. Сонымен қатар, өзге де байланыс түрлеріне - 364,0 мың теңге қарастырылған.

- **159** «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» - 3743,0 мың теңге;

"Бюджетное финансирование" бағдарламасының қызмет көрсетуіне – 1476,0 мың теңге, газетке жариялауға (4 хабарлама*70,0 мың теңге) – 280,0 мың теңге, «Закон» мәліметті-құқықтың бағдарламасының қызмет көрсетуіне (12 ай*9,0 мың теңге) – 108,0 мың теңге, қайта даярлау және қызметкерлердің біліктілігін арттыру қызметіне – 352,0 мың теңге, техникалық негізгі құралдарды ұстау қызметіне – 336,0 мың теңге, қаржылық және басқа да құжаттарды тігу қызметіне (200 дана*642 теңге) – 128 мың теңге, 1С бағдарламасының қызметіне (12 ай*40 мың теңге) – 480 мың теңге, картридждерді толтыру – 425 мың теңге, семинар, курстарға – 158 мың теңге және банктік қызметтер.

- **161** «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» - 2500,0 мың теңге;

2018 жылы аудандық деңгейден халықаралық деңгейге дейін семинарлар мен оқуға, министрлікке тапсыратын жыл сайынғы есептерді тапсыруға (жол жүру ақысы, тәуліктік жүріп тұру, тұратын жері), әртүрлі спорттық іс-шараларға қызметкерлердің 40-қа жуық іссапарлары жоспарлануда.

285-002-000 «Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу» бағдарламасына – 138 357,0 мың теңге, оның ішінде 2018 жылы – 46 119 мың теңге көлемінде шығындар қарастырылуда.

2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңының 7 бабы, 7 тармақшасына сәйкес уәкілетті орган, яғни басқарма ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлері бойынша, сонымен қатар аккредиттелген республикалық федерациялармен бірге ардагер спортшылар арасында республикалық және халықаралық жарыстар өткізеді. Аталған заңның 7 бабы, 39 тармақшасы негізінде республикалық аккредиттелген спорттық федерациялардың ұсыныстары бойынша бірыңғай республикалық бұқаралық-спорттық іс-шаралар күнтізбесі бекітіледі, осыған сәйкес спорттық жарыстар өткізіледі. 1 баптың, 42 тармақшасына сәйкес спорттық жарыстар ұйымдастырушының бекітілген ережесі (тәртібі) бойынша өткізіледі. Жарыс кезінде медициналық қызметкерлердің және төрешілердің төлемдері, дыбыстық және музыкалық сүйемелдеумен қамтамасыз ету, мақтау қағаздары, шақыру билеттері, баннер, спорт нысанын және автокөлікті жалға алу бойынша шығындарды дене шынықтыру және спорт басқармасы жүзеге асырады. Келесі ерекшеліктер бойынша шығындар:

- **153** «Көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеу» - 2000,0 мың теңге.

Аталған ерекшелік бойынша облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуға келген балаларды және спортшыларды (келген жерінен жарыстың өтетін және тұратын жеріне дейін) тасымалдауға автобустарды жалға алу жоспарлануда.

- **154** «Үй-жайды жалға алу төлемдері» - 3500,0 мың теңге.

2018 жылы 16 облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарды өткізу үшін спорттық үй-жайларды жалға алу жоспарлануда. Ірі, масштабты жарыстарды өткізуге сәйкес келетін көптеген көрерменге арналған орындықтары бар спорттық арена қажет етіледі.

- **159** «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» - 40 619,0 мың теңге;

ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы №1193 қаулысы, 8 қосымшасы негізінде төрешілік қызметке еңбек ақы төлеуге – 10 232,5 мың теңге және медициналық қызметтің төлеміне – 4000,0 мың теңге.

Сонымен қатар, спорттық жарысты өткізу кезінде музыкалық сүйемелдеуге – 4000,0 мың теңге. Спорттық жарысты өткізу кезінде музыкалық сүйемелдеу: жарыстың салтанатты ашылу және жабылу, ҚР әнұраны ойнаған кезде, үзіліс кезіндегі музыка, микрофонмен хабарлау және т.б. және спортшыларға мадақтама мен медальдар жасату үшін 2514,3 мың теңге.

2018 жылға спорттық жарыстарды өткізу кезінде үй-жайларды жалға алуға – 20 000,0 мың теңге жоспарланды. Аталған қызметке: логотип әзірлеу, эскизді әзірлеу және дайындау (полиграфия, залды, сахнаны безендіру, және т.б.), жарықдиодты LED экранды жалға алу, фондық видеоконтенттер, видео клиптер, жарықтандыруды жалға алу (сахна, спорт сарайы және т.б.), арнайы сахналық эффекттер, залды, қасбетті безендіру, монтаждау-бөлшектеу, операторлық жұмыстар және т.б.

285-003-000 «Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы» бағдарламасы бойынша 2018 жылы – 2 443 409,0 мың теңге қарастырылуда.

- 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» - 1 843 409,0 мың теңге. Оның ішінде:

«Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубының» МКҚК-не 2018 жылы – 46 500,0 мың теңге:

- **111** «Еңбек ақы» (12 штат бірлігіне) – 12 156 мың теңге;
- **113** «Өтемақы төлемдері» – 731 мың теңге;
- **121** «Әлеуметтік салық» – 656 мың теңге;
- **122** «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» – 547 мың теңге;
- **123** «Сақтандыру жарнамасын есептеу» – 15 мың теңге;
- **124** «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша шығыстар үшін жарналарын төлеуді есептеу» – 328 мың теңге;

- 144 «Жанар-жағар май тауарлары» – 235 мың теңге;
- 149 «Тауарларды сатып алу» – 2 680 мың теңге;
- 152 «Байланыс қызметтері» – 161 мың теңге;
- 154 «Үй-жайды жалға алу төлемдері» – 1 495 мың теңге;
- 159 «Банктік қызметтер» – 137 мың теңге;
- 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» Іс-сапар шығындары – 640 мың теңге;
- 169 «Өзге де шығындар» – 26 719 мың теңге, оның ішінде спорттық жарыстарға қатысуға – 25 561,0 мың теңге.

Халықарылық және республикалық жарыстарға **облыстық «Ақтөбе» футбол клубының** дайындалуы және қатысуы қызметіне – 1 800 000,0 мың теңге. 04.12.2015 жылғы №434- V «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39 бабы, 3 тармағы, 27 тармақшасына сәйкес құрылтайшысы 100 % мемлекет болып табылатын облыстық «Ақтөбе» футбол клубымен мемлекеттік сатып алудың бір көзден сатып алу тәсілімен келісім-шартқа отырады. 2017 жылы факт – 2 000 000,0 мың теңге. 2018 жылға келесі ерекшеліктер бойынша шығындар:

- 111 «Еңбек ақы» – 1 346 417,0 мың теңге;
- 113 «Өтемақы төлемдері» – 105 725,0 мың теңге;
- 121 «Әлеуметтік салық» – 63 501,0 мың теңге;
- 122 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» – 52 917,0 мың теңге;
- 123 «Сақтандыру сыйақысын есептеу» – 15 мың теңге;
- 124 «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша шығыстар үшін жарналарын төлеуді есептеу» – 6 200,0 мың теңге;
- 142 «Дәрі- дәрмек сатып алу»- 5 828,0 мың теңге;
- 144 «Жанар-жағар май тауарлары» – 1919,0 мың теңге;
- 149 «Тауарларды сатып алу» – 17 363,0 мың теңге;
- 151 «Коммуналдық шығындары» - 14 809,0 мың теңге;
- 152 «Байланыс қызметтері» – 1 324,0 мың теңге;
- 153 «Көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеу»- 15 937,0 мың теңге;
- 154 «Үй-жайды жалға алу төлемдері» – 15 765,0 мың теңге;
- 159 «Банктік қызметтер» – 2000,0 мың теңге;
- 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар»– 58 234,0 мың тг;
- 169 «Өзге де шығындар» – 89 981,0 мың теңге;
- 414 «Негізгі құралдарды сатып алу»- 450,0 мың теңге;

2016 жылғы 18 қаңтарда Ақтөбе облысы әкімдігінің №12 қаулысына сәйкес басқарманың меншігіне берілген **«Орталық стадион» МКК-ны** ұстауға – 100 000,0 мың теңге келесі ерекшеліктер бойынша шығындар:

- 111 «Еңбек ақы» – 37 331,0 мың теңге;
- 113 «Өтемақы төлемдері» – 3005,0 мың теңге;

- **121** «Әлеуметтік салық» – 2016,0 мың теңге;
- **122** «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» – 1618,0 мың теңге;
- **124** «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша шығыстар үшін жарналарын төлеуді есептеу» – 1105,0 мың теңге;
- **144** «Жанар-жағар май тауарлары» – 2317,0 мың теңге;
- **149** «Тауарларды сатып алу» – 8358,0 мың теңге;
- **151** «Коммуналдық шығындары» - 13 644,0 мың теңге;
- **152** « Байланыс қызметтері» – 897,0 мың теңге;
- **159** «Өзге де қызметтермен жұмыстар» – 11 420,0 мың теңге;
- **169** «Өзге де шығындар» – 18 227,0 мың теңге;

Сонымен қатар, 2017 жылғы 04 қыркүйектегі Ақтөбе облысы әкімдігінің №303 қаулысына сәйкес ҚР құрамасына мүше спортшылар мен жаттықтырушыларға ай сайынғы айлық жалақысына – 67 389,0 мың теңге (5615,7 мың теңге*12 ай).

Банктік қызметтер – 114,0 мың теңге.

- 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» - 429 519,0 мың теңге.

2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңының 8 бабы, 1 тармағы, 10 тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы аккредиттелген аймақтық және жергілікті федерациялардың ұсыныс бойынша бірыңғай аймақтық бұқаралық-спорттық іс-шаралар күнтізбесін бекітеді және оның жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бекітілген күнтізбелік жоспарына сәйкес спорттық жарыстарға баратын спортшыларға, оқу-жаттығу ұйымдарына спорттық іс-шараларды өткізу және бару кезіндегі жол жүру, тамақтану, тәуліктік шығындар, түнейтін және өзге де шығындарды қамтиды.

285-006-000 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру» бағдарламасы бойынша 2018 жылға – 1 752 943 мың теңге көлемінде қаражат қарастырылуда.

Аталған шығындар келесі ерекшеліктер бойынша басқармаға қарасты 17 (15 балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, 1 Олимпиада резервін даярлау орталығы, 1 Жоғарғы спорт шеберлігі мектебі) мекемені ұстауға қарастырылған:

- **111** «Еңбек ақы» - 737 661,0 мың теңге;

962,5 штат бірліктері, оның ішінде жаттықтырушылармен бірге әкімшілік қызметкерлер – 553 штат бірлігі, шаруашылық қызметкерлер (разряд бойынша) – 409,5 штат бірліктерін қамтамасыз ету.

- **113** «Өтемақы төлемдері» - 38 740,0 мың теңге;

- **121** «Әлеуметтік салық» - 39 832,0 мың теңге;

- **122** «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» - 33 200,0 мың теңге;

- **123** «Міндетті сақтандыру жарналары» - 635,0 мың теңге;

Аталған ерекшелік бойынша қаражаттар көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақысы үшін қажет етіледі. Барлық міндетті сақтандыруға жататын басқармаға қарасты ведомстволық мекемелердегі автокөліктер (тіркемесімен бірге) саны – 29. Оның ішінде жеңіл автокөліктер – 19 бірлік 273 мың теңгеге, 16 жолаушы орындығы бар автобустар – 5 бірлік 135 мың теңгеге, 16 жолаушы орындығынан көп автобустар – 1 бірлік 24 мың теңгеге, жүк көліктері – 2 бірлік 56 мың теңгеге, тіркемелер – 2 бірлік 12 мың теңгеге қарастырылған. Сонымен қатар, қызметкерлердің міндетті сақтандыруына 34 мың теңге.

- **124** «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар» - 20 111,0 мың теңге;
- **141** «Азық-түлік өнімдерін сатып алу» - 24 159,0 мың теңге;

Ат спорт түрлері бойынша №10 ОБЖСМ-дегі 45 бас спорттық аттарға азық-түлік өнімдерін сатып алуға есеп тиісінше әр бір бастың нақты санына есептелді. Тамақтану құрамына жүгері, сәбіз, сұлы, күнжара, премикс, бидай, шөп, тұз, жұмыртқа, арпа кіреді.

- **142** «Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу» - 8172,0 мың теңге;

Аталған шығындар спорт мектептерінде шұғылданатын балалар мен спортшыларға, сонымен қатар Ат спорт түрлері бойынша ОБЖСМ-дегі спорттық аттарға белгіленген. Бір күнге қабылдаушылардың орташа саны – 72 адам, бір күнге дәрі-дәрмектің берілу нормасы – 394 теңге. Бір күнге 1 атқа берілу нормасы – 24 теңге.

- **144** «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» - 11 546,0 мың теңге.

Ведомстволық мекемелердегі автокөліктер үшін ЖЖМ (газ, бензин, май және т.б.) сатып алу.

- **149** «Өзге де қорларды сатып алу» - 94 304,0 мың теңге.

16 басқармаға бағынысты мекемелерге кеңсе тауарларын, шаруашылық тауарларын, автобөлшектер және басқа да тауарларды сатып алу. Оның ішінде 26 204 мың теңге «Достық» су спорт түрлері бойынша ОБЖСМ-гі бассейнге арналған құрылғылар және оны тазарту үшін химикалық реагенттерді сатып алуға жоспарланған.

- **151** «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» -159 462,0 мың теңге.
- **152** «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» - 6 195,0 мың теңге;
- **154** «Үй-жайды жалға алу төлемдері» - 23 993,0 мың теңге;

2017 жылы факт – 23 993,0 мың теңге. Қазіргі таңда Ақтөбе облысында барлығы 1610 спорт нысандары, оның 1329 білім беру мекемелеріне тиесілі. Тек 281 ғана денешынықтыру-сауықтыру бағытында, оның 994 ауылдық жерде. Жеке спорт нысандары – 57. Спорт залдардың жетспеушілігі – 39713 шаршы метрді құрайды. БЖСМ-гі спорт залдардың көп қолданылуына байланысты тез

тозуға әкеліп соғады. Негізінен спорт залдарды бокс, күрес секілді спорт түрлері жақсы дамыған спорт мектептері жалға алады. Яғни: «№ 4 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер Олимпиада резервінің мектебі» КММ – 4 спорт залды, «№ 2 облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ – 1 спорт залды, «Спорттың шығыстық түрлері бойынша № 11 облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ – 1 спорт залды жалға алады.

- **159** «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» - 85 830,0 мың теңге;

Аталған шығындар ғимаратты ұстау бойынша және өзге де негізгі құралдар қызметіне қарастырылған. Ғимаратты ұстау, қызмет көрсету – 34 418,0 мың теңге, БЖСМ ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарына – 7071,0 мың теңге, компьютерлік жабдықтар мен басқа да негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету, ұстау – 2608,0 мың теңге, құрылғылардың және басқа да негізгі құралдардың ағымдағы жөндеуі – 7544,0 мың теңге, банктік қызметтер – 2056,0 мың теңге, өзге де қызметтер (стенд, баннер дайындау, мед. қызметтер және т.б.) – 32 133,0 мың теңге.

- **161** «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» - 41 579,0 мың теңге;

Аталған шығындар БЖСМ қызметкерлерінің, оның ішінде оқытушы-жаттықтырушылардың ел ішінде болатын спорттық іс-шараларға қатысу үшін іс-сапарларына бағытталған.

- **162** «Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар» - 27 065,0 мың теңге;

Аталған шығындар БЖСМ қызметкерлерінің, оның ішінде оқытушы-жаттықтырушылардың елден тыс жерлерде болатын спорттық іс-шараларға қатысу үшін іс-сапарларына бағытталған.

- **169** «Өзге де ағымдағы шығындар» - 391 350,0 мың теңге;

Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес балалардың спорттық іс-шараларға, жарыстарға шығуы және оқу-жаттығу жиындарына қатысуы.

- **414** «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» - 9 089,0 мың теңге;
- **416** «Материалдық емес активтерді сатып алу» - 20,0 мың теңге.

285-007-000 «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру» бағдарламасы бойынша 2018 жылы – 212 921,0 мың теңге. Аталған бағдарламамен «Есет батыр атындағы спортта дарынды балаларға арналған олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ-ін ұстау қарастырылған.

- **111** «Еңбек ақы» 124,20 штат бірлігіне - 111 096 мың теңге;
- **113** «Өтемақы төлемдері» - 6271,0 мың теңге;
- **121** «Әлеуметтік салық» – 5999,0 мың теңге;
- **122** «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» - 4999,0 мың теңге;

- **123** «Міндетті сақтандыру жарналары» - 56,0 мың теңге;
- **124** «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар»- 3000,0 мың теңге;
- **141** «Азық-түлік өнімдерін сатып алу» - 48278,0 мың теңге;
- **142** «Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу» - 148,0 мың теңге;
- **144** «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» - 2006,0 мың теңге;
- **149** «Өзге де қорларды сатып алу» - 4024,0 мың теңге;
- **151** «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» - 11 406,0 мың теңге;
- **152** «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» - 333,0 мың теңге;
- **159** «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» - 2983,0 мың теңге;
- **161** «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» - 440,0 мың теңге;
- **169** «Өзге де ағымдағы шығындар» - 11881,0 мың теңге;

Аталған мекемені ұстауға 2019 жылы 212 292,0 мың теңге, 2020 жылы – 211 847,0 мың теңге қарастырылған.

285-032-000 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша дене шынықтыру және спорт нысандарын күрделі жөндеуге 2018 жылға 154 974 мың теңге қарастырылуда.

«Есет батыр атындағы спортта дарынды балаларға арналған олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп- интернат-колледжі» КММ-нің оқу ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталуы.

Басқарма басшысы

Н.Жүсіпов

Орындаған: А.Тындыбаева
Тел.56-25-96